**Автор**: Балмагамбетова Жайнагуль Амангалиевна
**Пән**: Сауат ашу
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Саяхат
**Тақырып**: з дыбысы мен әрпі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Табиғатқа саяхат. З дыбысы мен әрпі. |
| Күтілетін нәтиже: | Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады. |
| Бағалау критерийлері: | |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Аудиожазба , таныстырылым. |
| Пәнаралық байланыс: | Өнер, ана тілі сабағы |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5 минут) | Өсеміз біз күліп-ойнап, Он саусақтың саласындай, Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! | шаттық шеңбер |
| Сабақтың ортасы (9 минут) | №1 Жаңылтпашты жаттап ал. Үйден мысық шықты, Үйшіктен күшік шықты. Күшік мысықтан күшті шықты, Мысық күшіктен ықты. №2 Сөзжұмбақты шеш. Орнымыздан тұрамыз, Алақанды ұрамыз. Бір отырып, бір тұрып, Тез шынығып шығамыз. | Таныстырылым, оқулықпен жұмыс Сергіту сәтіне арналған жинақ |
| Сабақтың соңы (8 минут) | №3 Мақалды оқы. Мағынасын бір-біріңе түсіндір. Оқу-инемен құдық қазғандай. №4Ойлан,тап. Түзу ағаш. Таза жейде. Аз жапырақ. | Оқулық, дәптерлер. |
| Рефлексия (2 минут) | Рефлексия Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бет – әлпеті салынған суреттерді таңдау. Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім | смайлик |